

"Табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын жайларын ұстауға және коммуналдық қызметтерді пайдаланғаны үшін тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін белгілеу туралы" Сарысу аудандық мәслихатының 2008 жылғы 3 маусымдағы N 8-3 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2008 жылғы 02 қыркүйектегі N 12-4 Шешімі. Жамбыл облысы Сарысу ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 01 қазанда 66 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2011 жылғы 08 маусымдағы № 51-11 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2011.06.08 № 51-11 Шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 6 бабын және Қазақстан Республикасындағы «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 97 бабының 2 тармағын басшылыққа ала отырып аудандық мәслихат **ШЕШІМ Е Т Т І :**

1. «Табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын жайларын ұстауға және коммуналдық қызметтерді пайдаланғаны үшін тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін белгілеу туралы» (нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу Тізіліміне 2008 жылдың 25 маусымында № 6-9-61 болып тіркелген, 2008 жылдың 2 шілдесіндегі № 52 аудандық «Сарысу» газетінде жарияланған) Сарысу аудандық мәслихатының 2008 жылғы 3 маусымдағы № 8-3 шешіміне төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Тәртіптің 2 тармағындағы:

«10 (он)» деген сан және сөз «15 (он бес)» деген санмен және сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3 тармағындағы:

«әр отбасына» деген сөзден кейін «жылу берілмейтін кезеңде» деген с ө з д е р м е н ,

(бес) деген сөзден кейін «, жылу берілетін кезеңде 10 (он)» деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап заңды күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат

сессиясының төрағасы

Ж. Смағұлов

М. Есмаханов

Аудандық мәслихат

хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК